

«8D05101-Биология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Дәulet Гүлдана
Дәuletқызының «Екіншілік миелодепрессиялық жагдайда синтетикалық азоттық косылыстардың миело- және лимфоцитопозз
ынталандыруши белсенділігін зерттеу» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

СЫН-ПІКІРІ

Р/Н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландыратын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы);</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметті жаңындагы Жогары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету).</p>	<p>Сәйкес келеді.</p> <p>Қазақстан Республикасының қазіргі Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2021 жылғы халықта жолдауына сәйкес (Отандық өндірістегі дәрілік заттар мен медициналық құралдардың үлесін 2025 жылға дейін қолда бар 17%-дан 50%-ға дейін жеткізу қажет);</p> <p>Диссертация АР08856051 «Ауыл шаруашылығы және/немесе медицинаға арналған жаңа биобелсенді молекулалық жүйелерге пиперидин және пиперазин туындылары – полифункционалды азагетероцикльдердің бағытталған модификациясы» ғылыми-зерттеу гранттары және АР08857345 «Бифункционалды иондық косылыстар: медициналық химия және ауыл шаруашылығында синтезделуі мен қолданылуы» Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым Министрлігінің ғылыми зерттеулерді гранттық каржыландыру шеңбері (2020-2022 ж.ж.) аясында жүргізілген.</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаган	Жұмыс ғылымның дамуына, атап айтканда иммунология, физиология, фармакология саласына айтарлықтай үлес қосатыны даусыз. Теориялық түрғыдан, косылыстарды өндеу миело- және лимфоцитопоззі ынталандыруда маңызды. Сәтті клиникалық зерттеуден откен жағдайда

			иммунотерапияға енгізіледі. Тақырып жоғары деңгейде қамтылған және заманауи молекулалық иммунология әдістерді пайдалана отырып толық зерттелген. Зерттеу итіжелері мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келеді. Корыта айтканда, жұмыстың маңыздылығы толық ашылған.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) тәмен; 4) өзі жазбаган	Ұсынылған итіжелерге, сипатталған зерттеу әдістеріне, сондай-ақ жарияланымдарға сүйене отырып, диссертант орасан зор жұмыс жасағандығын көрсетеді. Сонымен катар, жарияланған макалаларда бірінші автор болуы мен патенттерді алу қосымша дәлел болып табылады. Жұмысты талқылау барысында да барлық сұраптарға нақты, дәлелмен жауап беруі де, диссертанттың жазу деңгейі мен білімін айқындайды. Диссертация академиялық стандарттарға сай жоғары деңгейде жазылған.
4	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негізdemесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмен.	Диссертациялық жұмыс миелопоззің екінші түрімен және лимфоцитопоззік депрессиямен ауыратын науқастардың пайыздық көрсеткішінің артуына байланысты өзектілігі негізделген. Автормен жасалған зерттеу іргелі иммунологияның иммунодепрессивті жағдай боліміне біршама үлес қосады. Циклофосфамидтің біріншілік және екіншілік лимфо-миелоиды мүшелердегі Т- және В-лимфоциттердің әртүрлі популяцияларына әсерін зерттеу лимфоцитарлы субпопуляцияның деңгейлерінің өзара байланыстылығы мен өзара тәуелділігін түсінуге мүмкіндік береді. Құрамында азоты бар ВІV және ТІС қосылыстарының миело- және лимфоцитопозз ынталандыруышы белсенділігін зерттеу іргелі иммунофармакологияның лейкопозз ынталандыруышы препараттар бөліміне өз үлесін қосады. Миело- және лимфоцитопозз ынталандыруышы препараттар онковакциналарды әзірлеу үшін және екіншілік миело-, лимфоцитодепрессиялық жағдайларды емдеуде, фебрильді нейтропения терапиясы мен профилактикасы үшін қажет.

	<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындаамайды; <p>4.3 Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сәйкес келеді; 2) Жартылай сәйкес келеді: 3) сәйкес келмейді <p>4.4 Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылышы логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жок 	<p>Диссертациялық жұмыстың тақырыбы ауқымды алынғанымен жұмыстың мазмұны тақырыпты толық ашып, накты ақпарат нәтижелерімен айқындайды.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Жұмыстың мақсаты: циклофосфамидпен ықпалданырылған екіншілік миелопоэз- және лимфоцитопоэздепрессиялық жағдайда жасуша деңгейінің өзгеруін зерттеу мен екіншілік миелопоэз- және лимфоцитопоэздепрессиялық жағдайда жаңадан синтезделген азоттық косылыстар арасынан, перифериялық кан, лимфо-миелоидты мүшелердегі кан жасушалары деңгейін тиімді қалпына келтіретін белсенді косылыстарды іздеу. Аталған мақсатқа жету үшін зерттеудің б міндеттері толық орындалған. Әр алдына қойылған міндет зерттеудің толықтығымен анықталған.</p> <p>Зерттеу нәтижелерінің бірінші бөлімінде циклофосфамидпен ықпалданырылған екіншілік Т-, В-лимфоцитодепрессиялық жағдайлар зерттелген. Екінші бөлімде біріншілік скрининг жүргізу арқылы жаңадан синтезделген азоттық косылыстардан биспидин, диенон, пиразолопиридин, пиперазин, пиперидин құрылымдық ядролары бар және сұйық тримекаинді иондық заттарынан гемоинталандыруышы белсенділігі жоғары косылыстарды алу туралы сипатталған. Ушінші бөлімде лимфо-миелоидты мүшелердің жалпы салмағы, жасуша саны мен жасушалығы бағаланса, ал тортінші, бесінші бөлімдерде лимфоцитодепрессия кезінде лимфо-миелоидты кешен мүшелеріндегі Т-, В- лимфоциттердің деңгейінің қалпына келуіндегі жаңадан синтезделген ВІV және ТІС косылыстарының белсенділігі талданған. Соңғы бөлімде миелодепрессия жағдайында ВІV және ТІС косылыстарының</p>
--	--	---

			<p>сүйек кемігіне, спленоцитарлы регенеративті миелоцитопоэзге әсері зерттелген. Осылайша, диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылышы логикалық толық байланысқан.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қагидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ul style="list-style-type: none"> 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емесе, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген 	<p>Автор ұсынған жаңа шешімдер (қагидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырмалы бағаланған. Автор біріншілік скрининг нәтижесінде, гемоынталандыруши белсенділігі жоғары деңгейлі 2 қосылысты алушмен алғашкы скринингін жүргізген. Одан әрі екіншілік скрининг нәтижесінде 2 жаңа BIV, TIC қосылыстарының миело-, лимфоцитопоэз ынталандыруши белсенділігін анықтаған.</p>
5.	Фылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Фылыми нәтижелер мен қагидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <ul style="list-style-type: none"> 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) 	<p>Фылыми нәтижелер мен қагидаттар толығымен жаңа болып табылады. Алғаш рет, жаңадан синтезделген 32 азагетероциклды қосылыстарынан, 8 тримекаинді иондық сүйек субстанциядан гемоынталандыруши белсенділігі 4 орта деңгейлі және жоғары деңгейлі 2 қосылысты алушмен алғашкы скринингін жүргізілген. Осы жоғары деңгейлі белсенді BIV, TIC қосылыстары Т-, В-, гранулоциттер мен моноциттер, эритроциттер деңгейін тиімді қалпына келтіріп отырған.</p> <p>ҚР Әділет министрлігі ұлттық зияткерлік меншік институтынан 6 қосылыска патент алынған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. 22.04.2022 ж. №35632 лейкопоэз ынталандырғыш белсенділікке ие 5-бензил-7-(o-фторбензилиден)-2,3-бис(o-фторфенил)-3,3a,4,5,6,7-гексагидро-2Н-пиразоло[4,3-c]пиридиннің β-циклогексстринмен кешені өнертabyсты патент; 2. 09.12.2022 ж. №35977 иммуноынталандыруши белсенділігі бар бромид N,N-диэтил-2-(мезитиламино)-N-пропаргил-оксоэтанамоний қосылысына өнертabyсты патент;

		<p>3. 31.03.2023 ж. №36148 миелоынталандырғыш миелоынталандырғыш белсенділікке ие диметил(1-гидроксициклогексил) марганец(II) фосфонаты кешенінің ацетатына өнертабысты патент;</p> <p>4. 31.03.2023 ж. №36149 гемопоэзды ынталандырғыш белсенділігіне ие 1-(2-этоксиэтил)-3,5-ди[2-(трифторметил)бензилиден]пиперидин-4-онның β-циклогексстринмен кешенді қосылысына өнертабысты патент;</p> <p>5. 31.03.2023 ж. №36150 миелоынталандырғыш белсенділікке ие диметил((4-бензигидрилпиперазин-1-ил)(3-феноксифенил)метил)фосфонатының β-циклогексстринмен кешенді қосылысына өнертабысты патент;</p> <p>6. 31.03.2023 ж. №36151 миелоынталандырғыш белсенділікке ие β-циклогексстринмен кешеніндегі диметил ((1Н-бензо[d]имидазол-1-ил)) (3-фторофенил)метил)фосфонат қосылысына өнертабысты патент;</p>
	<p>5.2 Диссертацияның корытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа болып табылады. Циклофосфамидтің В- және Т-лимфопоэздепрессивті әсері нақты корытындыланған. ВІV қосылысы жоғары гемоынталандырушы белсенділікті көрсеткен және де қосылыстардың Т, В-лимфоцитопоэз ынталандырушы белсенділігі айқындалған.
	<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	Экономика жағынан, иммунология, онкологияда 2 жаңа қосылыс миело- және лимфоцитопоэз ынталандырушы препарат ретінде перспективті болып табылады.

6.	Негізгі корытындылардың негізділігі	<p>Барлық корытындылар ғылыми тұрғыдан қараганда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p>Барлық корытындылар ғылыми тұрғыдан қараганда ауқымды дәлелдемелерде негізделген және олардың сенімдігі статистикалық деректермен расталып талданған. Статистикалық маңызды айырмашылыкты анықтау үшін колданбалы Microsoft Excel 2010, бір факторлы ANOVA бағдарламалық қамтамасыз ету (дисперсионды талдау) қолданылған. Қосылыстардың бірегей химиялық күрылымдарын жузеге асыру үшін Perkin Elmer Informatics компаниясының химиктер мен ғалымдарға арналған Chemdraw бағдарламасы пайдаланылды. Графиктерді өндөу Graph Pad Software Prism 9.2.0, Origin және суреттер үшін BioRender бағдарламасы пайдаланылған.</p>
7.	Коргауға шыгарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұраптарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) дәлелденді; 2) шамамаен дәлелденді; 3) шамамаен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді <p>7.2 Тривалды ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жоқ <p>7.3 Жаңа ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жоқ <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) тар; 2) орташа; 3) кең <p>7.5 Мақалда дәлелденген бе?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жоқ 	<p>Диссертация жұмысын коргауға шыгарылған 6 қағидалар ғылыми түрде дәлелденген.</p> <p>Коргауға ұсынылған қағидалар тривалды емес.</p> <p>Коргауға ұсынылған барлық қағидаттар жаңа болып табылады.</p> <p>Қолдану деңгейі кең болып табылады. Диссертацияның негізінде барлығы 24 ғылыми мақала, соның ішінде 1 мақала Халықаралық ғылыми <i>Molecules</i> журналында, Scopus базасы мәліметтері бойынша (Q1); 1 мақала Scopus халықаралық ғылыми базасында цитирленеті: «Modern Trends in Sustainable Development of Biological Sciences» халықаралық форумы; 2 мақала Web of Science индекстелген; 7 мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынған журналдарда; Отандық және шетелдік халықаралық конференция материалдарында 13 ғылыми жариялым жарыққа шыққан. ҚР Әділет Министрлігі Ұлттық Зияткерлік меншік институтынан 6 патент алғынған.</p>

8.	Дәйектелік принципі Дереккөздер мен ұсынылған аппараттың дәйектелігі	<p>8.1 Әдістеменің тандауы – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің казіргі заманғы әдістер мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p> <p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденді):</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p> <p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттеріне сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған</p> <p>8.5 Пайдаланған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті / жеткіліксіз</p>	<p>Жұмыстың әдістемесінің тандауы нақты жазылған. Зерттеу жұмысында молекулалық иммунологияның заманауи әдістері, соның ішінде ағынды цитометрия қолданылған.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың нәтижелері статистикалық маңызды айырмашылықты анықтау үшін қолданбалы Microsoft Excel 2010, бір факторлы ANOVA бағдарламалық қамтамасыз ету (дисперсионды талдау) арқылы дербес компьютерде математикалық статистика әдістерімен өндөлген. Қосылыстардың бірегей химиялық құрылымдарын жүзеге асыру үшін Perkin Elmer Informatics компаниясының химиктер мен ғалымдарға арналған Chemdraw бағдарламасы пайдаланылды. Графиктерді өңдеу Graph Pad Software Prism 9.2.0, Origin және суреттер үшін BioRender бағдарламасы пайдаланылған.</p> <p>Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған. Барлық зерттеулер кем дегенде 3 қайталаныммен жасалған. Әр зерттеу мен теориялық қорытындыны әлемдік зерттеумен байланыстыра отырып дәлелденген. Алынған бір нәтиженің өзі бірнеше әдіспен расталған.</p> <p>Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Жұмыста әдебиеттердің көбі салмақты Скопус базасына кіретін журналдар мен кітаптар болып табылады.</p> <p>Әдебиеттер тізімі сапасы жағынан да, саны жағынан әдеби шолуға жеткілікті болып табылады. Пайдаланылған әдебиеттер тізімінің саны 316, 80%-ы жаңа.</p>
9.	Практикалық құндылық принципі	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <p>1) ия;</p>	<p>Диссертацияның теориялық маңызы өте жоғары.</p> <p>Диссертациялық жұмыс іргелі иммунологияның</p>


	<p>2) жок</p> <p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада колдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) ия; 2) жок</p>	<p>иммунонодепрессивті жағдай бөліміне біршама үлес косады. Циклофосфамидтің біріншілік және екіншілік лимфомиелоиды мүшелердегі Т- және В-лимфоциттердің әртүрлі популяцияларына әсерін зерттеу лимфоцитарлы субпопуляцияның денгейлерінің өзара байланыстырылғы мен өзара тәуелділігін түсінуге мүмкіндік береді. Құрамында азоты бар BIV және TIC қосылыстарының миело- және лимфоцитопозз ынталандыруши белсенділігін зерттеу іргелі иммунофармакологияның лейкопозз ынталандыруши препараттар беліміне өз үлесін қосады.</p> <p>Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикалық колдану мүмкіндігі жоғары. BIV қосылысы циклофосфамидпен ықпалдандырылған екіншілік миело- және лимфоцитодепрессиялық жағдайларды емдеуге арналған препарат ретінде перспективалы болып табылады. BIV бірегей Т-лимфоциттерді ынталандыратын модуляциялық белсенділікке ие болған. TIC қосылысы екіншілік циклофосфамидпен ықпалдандырылған миеложәне В-лимфоцитодепрессиялық жағдайларды емдеуге арналған препарат ретінде перспективалы болып табылады. TIC қосылысы T_{mem}-жад жасушалары мен CTL-цитотоксикалық лимфоциттердің денгейін арттыруда тиімді ынталандыруға қабілетті қосылыс ретінде перспективалы болып табылады, бұл онкологиялық ауруларды емдеуде қолданылатын <i>in vitro</i> онковакциндерді әзірлеуде үлкен маңызға ие.</p>
	<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады.

10.	Жазу және рәсімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан темен; 4) төмен.	Академиялық жазу сапасы жоғары. Автор диссертациялық жұмысты жүйелі, түсінікті, ғылыми тілмен, ғылыми тілді логикалық байланыстыра отырып жазған. Диссертацияны жазу стилі академиялық стандарттарға сәйкес келеді.
-----	---------------------------	---	---

Шешім: Дәulet Гүлдана Дәuletқызы «8D05101-Биология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайықты деген пікір білдіремін.

Ресми рецензент:

С. Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті «Жалпы иммунология» кафедрасының доценті, PhD (жұмыс орны, ғылыми дәрежесі)



**Абильбаева А.А.
 (Аты-жөні)**